

САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Информатика
Мұғалім	Жолдыбаева Ләйла
Мектеп, сынып	Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Қарауылкелді орта мектебі, 7-сынып
Сабақ тақырыбы	Өрнектер



www.bilimland.kz

Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	Өрнек туралы мағлұмат беру. Өртүрлі типтегі мәндерді өрнектерде қолдануды үйрету. Арифметикалық өрнектердің жазу ережесімен таныстыру.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: «Өрнек» терминінің анықтамасын айта алады. Өрнек құра алады. Div және mod амалдарының әрекеттерін сипаттай алады.
	Оқушылардың басым бөлігі: Өрнектің типін анықтай алады. Арифметикалық өрнектерді жазу ережелерін айта алады. Қандай амалдардың жоғары басымдылыққа ие екенін біледі.
	Кейбір оқушылар: Арифметикалық өрнектерге байланысты өздігінен программа құра алады.
	Тілдік мақсат
Оқушылар: «Жарқын көңіл күй» тренингі арқылы әдепті, сыпайы сөйлеуге, бір-біріне жақсылық тілеуге үйренеді. Үй тапсырмасы кезінде текст түсіру арқылы зерттеушілік әңгіме жүргізіп, нақты, айғақпен және тез сөйлеуге үйренеді. Бірін-бірі мадақтау арқылы әдепті, жақсы, шынайы сөздер айтуға тырысады. Топпен бірігіп тақырыпты талдауда, тобына түсінікті қылып сөйлеуге үйренеді. Дәлелдемеге сүйеніп сөйлеуді үйренеді. Кері байланыста өз ойларын анық жазып, түсіндіріп айтуға үйренеді.	
Негізгі сөздер мен тіркестер: Div, mod, integer, real, өрнек, арифметикалық өрнек.	
Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: <i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i>	
1. Өрнек сөзін қалай түсінесіздер? 2. Жақшасы бар арифметикалық өрнекті есептеу қалай жүргізіледі? 3. Программалау тілінде бөлшек өрнектер қалай жазылады? 4. Өрнектің типін қалай анықтаймыз? 5. div және mod амалдарының әрекетін сипаттап беріңдер?	

Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?


1. Арифметикалық ережелерді жазу ерекшеліктерінің не білетіндіктерін анықтау.
2. Өрнектерді білетін, білмейтінін саралау.
3. Арифметикалық өрнектерге программаны еркін түрде құра алатынын білу.

Ұсыныстар:

Алдыңғы тақырып

Өткен сабақта енгізу мен шығару операторларын өтсе, сол тақырыпқа сәйкес осы тақырыпта арифметикалық өрнектерді программаға салып, енгізу және шығару операторларын пайдаланып, программа құра алады.

Жоспар

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар
Басталуы 2 минут	Оқушыларды ұйымдастыру (түгендеу, класс тазалығы) «Жарқын көңіл күй» тренингінде оқушылар арасында жақсы көңіл күй қалыптастыру. (бір-біріне жүрекшені беру арқылы есімінің бас әрпінен басталатын мадақтау сөз айту)	Информатикадан 30 сабақ Б.Б.Бөрібаев, Е.Қ.Балапанов, А.Б. Дәулетқұлов Алматы – 2004
5 минут	«Үш шапалақ» пен өздерін мадақтайды. Фигуралар (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек) түстеріне қарай 3 топқа біріктіру.	www.itest.kz www.bilimland.kz
4 минут	Зерттеушілік әңгіме жүргізу арқылы үй тапсырмасын қаншалықты меңгергенін анықтау мақсатында топпен бірге өткен тақырып жайлы мағлұматтар жазу. Жаңа тақырыпты бастамас бұрын миға шабуыл ретінде (http://itest.kz/lekciya_sandy_ornekter_aripti_ornekter) математикалық өрнектерді еске түсіреміз.	
Ортасы 4 минут 8 минут 4 минут 5 минут 3 минут	Жаңа сабақты меңгеру үшін http://bilimland.kz/kk/home#lesson=16398 сайты пайдаланып әуелі, бейнеролик арқылы меңгеріп аламыз. Сосын «Мәтін» бөлімі арқылы бәріміз бірге талқылаймыз. Қаншалықты меңгергендерін тексеру мақсатында «1,2-жаттығу» бөлімімен тексереміз. Оқушыларға топтық тапсырма ретінде «Тест» бөлімі беріледі. Топпен белгілеп, соңынан талқылаймыз. Сабақ барысында сергітіп алу мақсатында Блез Паскаль жайлы мағлұматтар бейнеролигін (http://bilimland.kz/kk/home#lesson=18836) қарап аламыз.	Электронды оқулық. www.bilimland.kz Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. А.Әлімов, Алматы, 2015 ж.
Аяқталуы 6 минут	«Ассосация» әдісі арқылы оқушыларды шығармашылық жұмысқа тарту арқылы, бүгінгі өткен тақырыппен бірге өткен тақырыптарды еске түсіріп сабақты бекіту.	Информатика негіздері журналы. www.bilimland.kz

4 минут	www.bilimland.kz сайты пайдаланып «Тәжірибелік жұмыс» бөліміндегі тәжірибелік жұмысты түсіндіріп, үй тапсырмасы ретінде беру. «Түсіндім, қолдандым, тағыда білгім келеді» оқушылармен кері байланыс орнату.	
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс
<p>Тәжірибелік жұмыс кезінде барлық оқушылар тек үлгісін жасаса, қабілеті жоғары оқушылар өздерінің тың идеяларын ортаға сала алады. Зерттеушілік әңгіме, талқылау кезінде тек айтып қана қоймай, компьютерден көрсетіп, дәлелдеу арқылы көрсетеді. Айтуға қиын және көп қолданыла бермейтін сөздерді айтумен ерекшеленеді.</p>	<p>Б: «Өрнек» терминінің анықтамасын айтып, өрнек құра алады. Div және mod амалдарының әрекеттерін сипаттай алады. Ө: Өрнектің типін анықтап, арифметикалық өрнектерді жазу ережелерін айта алады. Қандай амалдардың жоғары басымдылыққа ие екенін біледі. А: Арифметикалық өрнектерге байланысты өздігінен программа құра алады.</p>	<p>Ағылшын тілі (ағылшын тілінен енген сөздер) Математика (математикалық өрнектер) Компьютер сыныбындағы қауіпсіздік техникалық ережелерін сақтау Компьютер, интерактивті тақта, интернет</p>
<p>Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p>Оқушылар сабақты жоспарлағанымдай меңгерді. www.bilimland.kz сайты жұмыс жасау үшін өте ыңғайлы болды. Оқушыларға жеңіл әрі шынайы жасалынған. Осы сайтты пайдалану арқылы сабақ өз мәнінде ашылды. Сыныптағы ахуал жақсы көңілде болды. Мұны кері байланыстан да көруге болады. Оқушылар бүгінгі өткен тақырыпты үйден осы сайт арқылы табуға болатындықтарын, сабақтың жеңіл түсіндірілгендігін жазды. Бұл арқылы өзімнің жоспарлаған шараларымның тиімді болғанын көрдім. Уақыт жағынан да еш қиналмай, бәрі уақытымен өтті.</p>	


«Жарқын көңіл күй» тренингі



Зерттеушілік жұмыс арқылы «мәтін түсіру» жұмысы



www.bilimland.kz сайтын пайдаланып жаңа сабақты түсіндіру кезеңдері





Сергіту сәтінен көрініс



«Ассосация» әдісі кезінде



www.bilimland.kz Тәжірибелік жұмысты үйге беру



